О.Бөкейдің „Атау-кере" повесінде қандай мәселелер көтерілген.

Өз ойыңызды дәлелдемелер келтіре отырып жазыңыз

Ұлттық сөз өнері зергерлерінің бірі, қай шығармасы болсын оқырманына ой салар қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің „Атау-кере" повесі - адамзат баласының ұлы мұратын көрсете білген шоқтығы биік шығарма. Табиғат-Ананың тылсым әлеміндегі ерекше дүниені көре, сезіне білуге жетелейді. Қаламгер көзбен көріп, жанымен сезініп отырған өз уақытының рухани дағдарыстарына, қазақ үшін қайырсыз болған қасіретті тұстарына қайырылып отырып, тау арасындағы оқшау өміріне дән риза аңшы Еріктің, оның сұлу да, сырлы келіншегі Айнаның, анасы Нұраның, кездейсоқ келіп қосылған кешегі ержігіт - бүгінгі еңсесі түскен Тағанның тағдыр сырлары, әрекет, аңсарларын шығармада шебер жеткізгенін сезінуге болады.

Автор „Көптен кеткен көмусіз қалар" деген нақыл арқылы шығарманың мәнісін ашып тұрғандай. Бұл дегеніміз - қоғамнан бөліну, адамдар арасынан алшақтау деген сөз. Бұл қасиеттің жақсылыққа апармайтыны нақылдың өзінде-ақ айтылып тұр. Бұған дәлел ретінде осы шығарманың кейіпкері - Ерікті келтіруге болады. Байлық соңында күні-түні тыным таппай, кім үшін, не үшін екені белгісіз, мағынасыз өмір сүрген ол қоршаған ортаға, өзіне, жақындарына да кесірін тигізді. Тіпті дертке шалдыққан анасын өзі алдыртқан қауіпті будан аралар шағып өлтірсе де, тастай қатқан Еріктің жүрегі бір дір етпеді. Жаны ізгі, жүрегі мейірімге толы Айнаны өмірлік жарым деп емес, жалдамалы жұмысшы, басыбайлы адам ретінде ұстайды. Осыдан да оның жан дүниесінің



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ